



«Байқампаздар әлемі» жылдық жоспары.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекілік	Сағат саны
1	«Заттарды көлеміне қарай екі топқа бөлу»	Балаларды көлемі әр түрлі, түсі бірдей тостағандарды (үлкен, кіші) екі топқа бөлуге үйрету. Тостаған дөңгелекке ұқсайтынын түсіндіру.	Үлкен, кіші тостағандар	1
2	«Заттарды пішініне қарай топтастыру»	Балаларды пішіні әртүрлі заттарды пішініне қарай ажыратып, топтауға үйрету. Заттарды көлеміне байланысты дағдыны бекіту, байқағыштыққа тәрбиелеу.	Үш бұрыш Төртбұрыш Шеңбер	1
3	«Ұлттық бұйымдар»	Балаларды топ бөлмесінде, өзін қоршаған заттардың ішіндегі ұлттық бұйымдарды дұрыс атай білуге, түр түсі, пішіні, көлемі жайында түсініктерін кеңейту, ұлттық бұйымдарды бейнелеу іс-әрекетінде бере білуге, байланыстырып сөйлеуге үйрету.	Ұлттық бұйымдар бейнеленген суреттер	1
4	«Тақияларды топтау»	Пішіні әр түрлі тақияларды түстеріне сәйкес топтауға үйрету, күнделікті қолданылатын заттармен салыстыра білуді меңгерту. Үйренген сөздерін толық меңгеріп, қолдануға жаттықтыру, ұлттық киімдерге құрмет сезімін тәрбиелеу.	Үлкен кіші дөңгелек Тақия суреті	1
5	«Түстері бойынша топтастыру»	Түстері әр түрлі, біркелкі заттарды екі топқа бөліп топтау ( ағаш, қасық, кесе) үйрету. Сезімдік сапаларды бекіту. Халақ ауыз әдебиеті үлгілірінен жаңылтпаш жаттата отырып, тілін дамыту. Байқампаздыққа тәрбиелеу.	( ағаш, қасық, кесе) суреті	1
6	«Шаңырақтарды орналастыру»	Заттарды көлеміне сәйкес топтауға, әр түрлі заттарды көлеміне байланысты салыстыруға, бір пішіндегі көлемі екі түрлі дөңгелектерді	екі түрлі дөңгелектердің суреті	1

		ажырата білуге үйрету. Көлемді ажаратуды меңгерту. Ұлттық заттарға мақтаныш сезімін тәрбиелеу.		
7	«Кеселер»	Балаларды түстерді ажарата білуге, ыдыстар туралы мағұлмат бере отырып, оның ішінде кесенің қандай ыдыс, не үшін пайдаланатыны туралы ұғым қалыптастыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Кеселер суреті	1
8	«Құрақ көрпе құрастыру»	Берілген геометриялық пішіндерден көрпеше құрастыра білуге, үшбұрыштарды, дөңгелектерді, төртбұрыштарды орнымен қоя білуге үйрету. Өз бетінше шығармашылықпен әрекет етуге жаттықтыру.	Құрақ көрпе суреті	1
9	«Көпір»	Заттардың пішініне сәйкес құрылыс материалдарын дұрыс пайдалана білуге үйрету. Әрбір геометриялық пішіндердің түстерін атап, одан көпір құрастыру. «Көпір» өлеңін мәнерлеп айтып беріп, оның не үшін керек екенін түсіндіру.	Әрбір геометриялық пішіндердің түстерін суреті	1
10	«Кемпірқосақ тақырыбына сурет салу»	Бейнелеу өнерінде заттардың қасиеттеріне сәйкес түстерді ажырата білуге, оны дұрыс пайдалана білуге үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	Кемпірқосақ суреті	1
11	«Алма»тақырыбына сурет	Балалардың тақырыпқа сәйкес түстерді таңдап ала білуін бекіту. Алма пішінін дұрыс бейнелей білуін, қылқаламмен жұмыс істей білу техникасын меңгерту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Алма суреті	1
12	Сәтті саяхат «Тау баурайында»	Заттың құрамы мен белгісіне қарай түстерді, пішінді таңдап алып дұрыс орналастыра білуге үйрету. Мозайкамен жұмыс істеу дағдысын дамыту. Отанға сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Тау баурайында суреті	1
13	«Еркін	Балалардың салатын суретіне		

	тақырып»	сай түстердің дұрыс таңдай білуін, жалпы түстер туралы білімін бекіту. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, баланың жеке жұмысына көңіл бөлу.		1
14	«Мұнара құрастыру»	Балаларды текшенің үстіне текшені дұрыс қоя білуге оның үстіне кірпіш қоюға үйрету. Құрап отырғаны мұнара екенін түсіндіріп, балалардың сөздік қорын дамыту, белсенділігін арттыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Мұнара суреті	1
15	«Бесік жыры»	Қуыршақты бөлеп көрсете отырып, бесік жырын үйрету. Бесіктің түсін, пішінін айыру. Қамқорлық, жанашыр сезімдерін тәрбиелеу.	Бесіктің суреті	1
16	«Матадан немесе оюдан сырмақ текемет құрастыру»	Балалардың мата қиындыларынан немесе оюлардан сырмақ, текемет түрлерін құрастыра білуге үйрету. Халық өнеріне деген қызығушылығын тәрбиелеу.	оюдан сырмақ суреті	1
17	«Түлкі мен ешкі»	Балаларға ертегі кейіпкерлеріне сәйкес пішінді түстеріне қарай таңдап ала білуге оны ертегі мазмұнына сай қойып мозайкамен жұмыс істеуге үйрету. Өз беттерімен жұмыс істеу қабілетін арттыру. Жануарларға деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу	Мозайка	1
18	«Тауық пен балапандар» мозайкамен жұмыс	Балалардың мозайкамен жұмыс істей білуін бекітіп, әр түсті мозайканы әр затқа сәйкес алып, оны орналастыра білуін бекіту, шығармашылық қабілеттерін дамытып, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	Мозайка	1
19	«Жаңбыр жауды»	Серуен сәттерінде табиғат құбылыстарын түсіндіру арқылы балалардың танымдық білімін тереңдете түсуімен қатар тілін дамыту, сезімін ояту, аспан, қолшатыр, күн,	аспан, қолшатыр, күн, бұлт т.б суреті	1

		бұлт т.б түсіндіру. Тапқырлыққа тәрбиелеу.		
20	«Балық аулау»	Балаларға балық және су туралы түсінік беру, балықтың көлемін, сыртқы пішінін, түстерін ажырата білуге үйрету, судың сұйық зат екенін балалардың қолын салдырып, сезімдеріне жеткізу. Судың өмірдегі маңызын түсіндіру. Тазалыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.	Балықтың суреті	1
21	«Көшеде сақ бол!»	Балаларды үлгі бойынша бес түспен таныстыру. Сөздік: Қызыл, қара, сары, жасыл, көк, трактор, машина, бағдаршам. Мозайкамен жұмыс істеуге жаттықтыру, байқампаздаққа, жол жүру ережелерін сақтауға тәрбиелеу.	Қызыл, қара, сары, жасыл, көк, трактор, машина, бағдаршам. Мозайка	1
22	«Дастархан әзірлеу»	Әр түрлі төртбұрыш қағазды дастархан ретінде пайдаланып қызыл, жасыл, ақ, күлгін, сары қағаздан немесе картоннанқиып үлкенді кішілі тостағандар, табақтар жасату, қағаздан қиылған бауырсақтардың түсін, пішінін ажыратып дастархан әзірлеу, әдептілікке тәрбиелеу.	қызыл, жасыл, ақ, күлгін, сары қағаздан немесе картоннанқиып үлкенді кішілі тостағандар, табақтар жасату, қағаз	1
23	Кілем құрастыру»	Заттарды түр түсіне қасиеттеріне қарай, қолданылатын ортасына қарай ажыратуға, зейін қоюға тәрбиелеу. Түс –әртүрлі заттардың белгісі ретінде пайдаланылатынын. Тұрталғам екенін түсіндіру, көру, сезу мәдениетін байыту.	Түс –әртүрлі заттардың белгісі ретінде пайдаланылатынын.	1
24	«Кеңістікті бағдарлау»	Матеметикалық түсініктерді жануарлармен байланыстыра түсіндіру. Тұрған орнынан оң, сол, алдында, артында, қасында, жанында орналасқан жануарлардың кеңістіктегі орнын дұрыс айтып беруге жаттықтыру. Жұмбақ,	Тұрған орнынан оң, сол, алдында, артында, қасында, жанында орналасқан жануарлардың кеңістіктегі	1

		жаңылтпаштарды пайдалана отырып, сөздік қорын молайту, тіл байлығын жетілдіру. Жануарларға қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.	орнын дұрыс айтып беруге суреттер	
25	«Көлемі әр түрлі білезіктер мен сақиналарды топтау»	Көлемі әр түрлі білезіктер мен сақиналарды көлеміне сәйкес топтай білуге үйрету. Сезімдік сапаларды іс әрекетке бекіту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	Көлемі әр түрлі білезіктер мен сақиналарды көлемдегі суреттер	1
26	«Оюларды орналастыру»	Оюларды орналастырғанда үнемі айырбастау арқылы түстеріне қарай топтауға әр түрлі заттарды түсіне қарай ажырата білуге үйрету. Балалардың 5 түрлі түсті ажырата білуін бекіту. Салыстыруға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	«Оюларды орналастыру» суретті	1
27	«Әртүрлі торсықтың түрлеріне қарай топтау»	Әртүрлі торсықтарды түстеріне қарай тақтайшаға орналастыра білуді, түстерді ажырата білуді меңгерту. Байқампаздыққа тәрбиелеу.	Әртүрлі торсықтың суреті	1
28	«Ойыншықтарды топтау»	Топ бөлмесіндегі түстерді, әртүрлі ойыншықтарды (заттарды) түстеріне қарай топтауға бөліп салыстыра, ажырата білуге үйрету. Сөздік қорларын дамыту, байланыстырып сөйлеуге, өздеріне байланысты кеңістікте бағдарлана білуін жетілдіру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	Топ бөлмесіндегі түстерді, әртүрлі ойыншықтарды	1
29	«Екі лақ ертегісі бойынша мозайкамен жұмыс»	Балаларға пішіні әр түрлі, бірнеше түсті мозайканы таңдап алуға, оны ертегі кейіпкерлеріне сәйкес мозайкамен белгілей білуге үйрету. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Тиянақтылыққа тәрбиелеу.	Мозайка	1
30	«Ыдыстар»	Күнделікті отбасында пайдаланатын ыдысаяқтарды түстеріне және көлеміне қарай екі топқа бөліп топтау, (ағаш қасықтар) сезімдік сапаларын	Ыдыстар суреті	1

		бекіту. Ағаш қасықтың сапасын ажыратып, оны басқа заттармен салыстырып, қатты, жұмсақ заттарды сипап сезу, ұстап көру арқылы ажырата білуге үйрету. Түсті ажырата білуін бекіту, байланыстырып сөйлеуге үйрету.		
31	«Бас киімдерді топтау»	Жыл мезгілдеріне байланысты қандай киім киетіндеріне тоқтала отырып, пішіні әртүрлі тақияларды түстеріне сәйкес топтауға үйрету. Оларды күнделікті қолданылатын заттармен байланыстыра айта білуді меңгерту. Тақырыпқа қатысты жмбақтар үйретіп сөздік қорын молайтып, байланыстыра сөйлеуге үйрету, тақияның суретін жапсыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Бас киімдердің суреті	1
32	«Пішініне сәйкес көлемді табу»	Берілген төрт заттың пішініне сәйкес екі затты таңдап ала білуді меңгерту. (Қоржын, жастық, сәукеле, камзол) заттарды пішініне қарай сәйкес топтастыруға үйрету. Заттарды не үшін пайдаланатынын түсіндіру. Байқампаздыққа тәрбиелеу.	(Қоржын, жастық, сәукеле, камзол)суреті	1
33	«Затты көлемі мен пішініне қарай таңдап алу»	Қазақтың ұлттық әшекей бұйымдарымен таныстыру. Олардың әрқайсысының көлемі мен пішініне назар аудара отырып, оны не үшін пайдаланатынын түсіндіру. Осыған сәйкес төрт заттан біреуі, тапсырма бойынша, таңдап ала білуді меңгерту. Ұлттық бұйымдарға мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу.	Қазақтың ұлттық әшекей бұйымдарының суреті	1
34	«Үйлер мен жалаулар»	балалардың назарын әртүрлі затқа сәйкес түстерді пайдалана білуге аудару, заттың құрамы мен бейнесіне сәйкес түстерді ажырата білулерін бекіту. Отанына деген сүйіспеншілік	Үйлер мен жалаулар суреті	1

		сезіміне тәрбиелеу.		
35	«Санау»	Балабақша үйінің орналасуына қарай кеңістікті бағдарлау. Топтағы заттардың саны тең, тең еместігін анықтау. Тапсырманы зейін қойып тыңдауға, тыңғылықты орындауға үйрету. Дөңгелек пен үшбұрышты ажырата білуге дағдыландыру. Жұмбақ, жаңылтпаш, санамақтар айтып тілін дамыту	Сан суреті	1
36	«Көлем, пішін, кеңістік»	Санау көлем, пішін, кеңістікті бағдарлау туралы ұғымдарын қалыптастыру. Геометриялық пішіндермен таныстырып, ойын жүйелі жеткізе білуге, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ауыл мен қаланы салыстыра отырып, математикалық ұғымдарын жетілдіру, құрылыс материалдарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.	Көлем, пішін, кеңістік суреттері	1
	Барлығы			36 сағат